29 қараша ноября

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Келесі жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жарияладым. Осы орасан жұмысқа «Халықтық құрылыс» деген атау берілді. Жолдауда атап өткенімдей, аталған ғаламат жобаға шамамен 6,5 триллион теңге бөлінеді. Бұл — орынды шешім. Өйткені «Халықтық құрылыс» аясында ел-жұртымыз барынша мұқтаж боп отырған жобалар іске асырылады. Ең маңыздысы, «Халықтық құрылыс» тұтас елді, барлық қала мен ауданды қамтиды.

№130
(5028)
Сейсенбі
3 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУҒА МҮМКІНДІК КӨП

Астанада жастар үшін кәсіпкерлікті дамытуға көп мүмкіндік қарастырылған. Бүгінгі таңда елордалық жастар цифрлық технологияға негізделген қызмет көрсету, білім беру, IT, креативті индустрия, электрондық сауда және басқа да салада белсенділік танытып отыр.



ШҰҒЫЛ КӨМЕК ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

Елордада балаларға шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған 200 орындық жаңа орталық салынады.

Медициналық мекеме Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының аумағында салынып, елордамен қатар, Қазақстанның өзге өңірлерінен жеткізілетін науқас балаларға да қызмет көрсетеді, деп мәлім етті «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» РМК басқарма төрағасы Ержан Әділбеков.

Жоба Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында көтерілген үш жаңа балалар ауруханасын салу бастамасы аясында жүзеге асырылады. Жобалық құжаттамаға сәйкес, жаңа орталық



елорданың Нұра ауданында, Тұран даңғылы бойындағы Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының қолданыстағы кешені аумағында орналасады. Нысанның жалпы сыйымдылығы – 200 стационарлық төсек-орынға арналған.

ҚҰРЫЛТАЙҒА ҰСЫНЫСЫҢЫЗ БАР МА?

Құрылтай сайтында азаматтардан ұсыныс қабылдайтын бөлім ашылды. Құрылтайдың ресми сайтында азаматтар мен сала мамандарының ұсыныстарын қабылдауға арналған арнайы бөлім ашылды.

Жаңа бөлім Құрылтайдың Цифрландыру, инновация және ғылым комитеті жанынан құрылған сегіз сараптамалық кеңеске ұсыныс жолдауға мүмкіндік береді. Азаматтар мен сарапшылар қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге, тиісті салаларды дамытуға қатысты идеялары мен бастамаларын онлайн түрде ұсына алады.

Құрылтайдың баспасөз қызметінің мәліметінше, бұл бастама қоғам өкілдерімен ашық пікір алмасуға, азаматтар мен мамандардың ұсыныстарын жинақтауға және оларды тиісті мәселелерді қарау барысында ескеруге бағытталған.

Ұсыныстарды Құрылтайдың ресми сайтындағы арнайы бөлім арқылы жолдауға болады.

БІР АЙДА 14 МЫҢ АДАМҒА КӨБЕЙДІ

Қазақстанның Ұлттық статистика бюросы 2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ел халқының саны туралы жаңа мәліметтерді жариялады.

Жарияланған деректерге сәйкес, Қазақстан халқының саны 20 633 529 адамға жетті. Ал 1 қыркүйекте бұл көрсеткіш 20 618 796 адам болған. Демек, бір айда қазақстандықтардың саны 14 733 адамға көбейген.

Сондай-ақ қала халқының саны 13 254 158 адамды, ал ауыл халқының саны 7 379 371 адамды құрады.

Халқы ең көп қала бұрынғысынша Алматы болып отыр. Мұнда 2 348 103 адам тұрады. Одан кейін Астана қаласы орналасқан. Елорда халқының саны – 1 639 176 адам. Үздік үштікті 1 294 050 тұрғыны бар Шымкент қаласы түйіндейді.

ПАРТИЯЛАР РЕТІ АНЫҚТАЛДЫ

Орталық сайлау комиссиясының отырысында саяси партиялардың атауларын сайлау бюллетеніне енгізу тәртібі де айқындалды.

Саяси партиялардың өкілдері партия атауларының мемлекеттік тілдегі әліпбилік тәртібімен үстел басына шақырылды. Партия өкілдері өз қолдарымен партияның сайлау бюллетенінде көрсетілетін реттік нөмірі жазылған мөрленген конверттерді алды.

«Жеребе қорытындысы бойынша 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған мәслихат депутаттарын сайлау кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньде саяси партиялардың атаулары мынадай тәртіппен орналастырылады: 1. «Ауыл» партиясы, 2. «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия», 3. «Қазақстанның Халық партиясы», 4. «Respublica» партиясы, 5. «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы, 6. Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы, 7. «Әділет» партиясы. Жеребе қорытындылары Орталық сайлау комиссиясының мүшелері тарапынан тиісті хаттамамен бекітіледі» деді жеребе тарту рәсімін жүргізген ОСК мүшесі Азамат Айманакумов.

№130 (5028) 03/11/2026 Сейсенбі





1 МЛН-НАН АСА ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАҒАН

«QARMET» – ПРОГРЕСС ПЕН ТАБЫСТЫҢ СИМВОЛЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Қарағанды облысына барды. Сапар барысында Мемлекет басшысы Теміртау қаласындағы бірқатар әлеуметтік және өндірістік нысанды аралап көрді. Бұдан бөлек, Президент өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынымен танысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Теміртаудағы қалпына келтірілген трамвай қозғалысы жүйесімен танысты. Мемлекет басшысы трамваймен Республика даңғылынан «Инженер» аялдамасына дейін жүріп өтіп, атқарылған істің сапасын және жаңартылған көлік инфрақұрылымының пайдалануға толығымен әзір екенін көрді. Qarmet компаниясы трамвайды қала халқының игілігіне екі жыл бұрын берген болатын. Содан бері аталған қоғамдық көлік қатынасы 1 миллионнан аса жолаушыны тасымалдаған. Қалада трамвайға арналған 30 шақырым шойын жол қалпына келтіріліп, ауыстырылды, жаңадан заманауи 8 вагон сатып алынды. Бұл трамвайдың кестеге сәйкес тұрақты жүруіне мүмкіндік берді. Рельсті көлікте жолаушыларға ыңғайлы болуы үшін электронды төлем жүйесі орнатылған, ал Qarmet кәсіпорнының жұмыскерлері мен ардагерлері тегін жүреді.

Президент «Qarmet» АҚ басшылығымен әңгімелесу барысында металлургтер қаласындағы трамвай қатынасын қалпына келтірудің маңызын атап өтті. «Шын мәнінде, Теміртау үшін трамвай – заманаларды байланыстыратын дәнекер іспеттес. Тұрғындардың трамвай қатынасын қалпына келтіру туралы талабын орындағаныңыз дұрыс болыпты. Комбинатқа алғаш келгеніңізде Теміртау қаласын абаттандырумен міндетті түрде айналысу қажет деп айтқан едім. Өйткені қала күтім көрмей, тозып кетті. Әлі де атқарылатын жұмыс көп, дегенмен бастамасы жақсы. Теміртау тұрғындары табиғи газбен қамтамасыз етілді. Байқауымша, халықтың көңіл-күйі көтеріңкі. Өйткені адамдар айналадағы оң өзгерістерді байқап, алғыстарын білдіруде. Еңбек ұжымының да көңіл-күйі айтарлықтай жақсарғаны байқалады. Ең бастысы, жағымды үдеріс бар. Біз комбинатты міндетті түрде прогресс пен табыстың символына айналдырамыз, тіпті оны өркендетеміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЦЕХ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Qarmet конвертер цехының жұмысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Qarmet болат балқыту өндірісінің негізгі буыны саналатын конвертер цехы жөнінде баяндалды. Президентке домна пешінде балқытылған шойынның қалай құрышқа айналатыны, содан кейін үздіксіз құю қондырғысына және одан әрі илемдеуге жіберілетіні көрсетілді. Qarmet компаниясы 2024 жылы №1 және №2 конвертерлерде күрделі жөндеу жүргізіп, корпустарды толық ауыстырды және анағұрлым заманауи конструкциялар орнатты. Жаңғырту жұмыстары шығарылатын өнім түрлерін көбейтіп, қорытылған болат көлемін ұлғайтуға, құрал-жабдықтардың сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цехтағы бірқатар технологиялық үдерісті табиғи газға көшіру ісі жалғасып жатыр.

Qarmet директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев Мемлекет басшысына өндірістік көрсеткіштер өсімі және инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру барысы туралы есеп берді. 2026 жылдың қорытындысы бойынша 4 миллион тонна болат, 3,6 миллион тонна көмір және 3,9 миллион тонна темір рудасы концентратын өндіру жоспарланып отыр. Компания жұмысы басталғаннан бері инвестиция көлемі 2,7 миллиардтан аса долларды құрады. Бұл қаражат өндіріс қуатын жаңғыртуға және жаңа өнеркәсіптік нысан салуға бағытталды. Qarmet – еліміздегі толық өндірістік циклге ие ең ірі тау-кен-металлургиялық компаниясы. Орталық Азиядағы өзінің көмір, темір рудасы кеніштері және энергетикалық базасы бар, интеграцияланған тау-кен-металлургиялық кешен. Компанияда шамамен 35 мың еңбеккер, соның ішінде 14 мыңнан астам адам Теміртаудағы металлургия комбинатында жұмыс істейді.

КӨМІР ХИМИЯСЫ КЕШЕНІ

Мемлекет басшысына №8 және №9 жаңа кокс батареяларының құрылысы жөнінде баяндалды. Президентке аталған жоба Qarmet компаниясының ірі инвестициялық бастамаларының қатарына енетіні айтылды. Оның аясында жаңа кокс өндірісі қуатын жүзеге асыру қарастырылып отыр. Мұндай ауқымдағы құрылыс комбинатта соңғы бірнеше онжылдықта болмаған. Бас технологиялық серіктесі – ACRE Coking & Refractory Engineering Consulting Corporation компаниясы. Екі батареяның жалпы жобалық қуаты жылына 1,5 миллион тонна құрғақ кокс өндіруге жетеді. Әр батареяда камерасының биіктігі 7,6 метр болатын 54 кокс пеші жұмыс істейді. Жаңа агрегаттар домна пешін осында өндірілетін кокспен тұрақты түрде қамтамасыз етуге, оның сапасын ұдайы сақтауға және экологиялық қауіпсіздіктің анағұрлым жоғары деңгейде болуына мүмкіндік береді. 1960-1970 жылдары пайдалануға берілген өндіріс қуатын алмастыратын батареяларды келесі жылы іске қосу жоспарланып отыр. Осылайша, Қазақстанда кокстеу өнімдерін терең өңдейтін алғашқы көмір химиясы кешені құрылады.

ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІК АЗАЯДЫ

Президент Qarmet компаниясының жаңа сұрыпты прокат кешенінің құрылыс алаңында болды. Өндіріс кешені іске қосылғанда жылына 540 мың тоннадан астам дайын өнім шығарады. Жобаның технологиялық серіктесі – қытайлық CERI инжиниринг компаниясы. Мемлекет басшысына баяндалғандай, жаңа цех беріктігі жоғары, А600 және А1000 санатты болат арматура шығаруға, сондай-ақ бұрыштар, швеллерлер және басқа да сұранысқа ие металл өнімдерінің түрлерін көбейтуге мүмкіндік береді. Кешенде сағатына 100 тоннаға дейін металл өткізе алатын, өнімділігі жоғары қыздыру пеші бар. Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде Qarmet сұрыпты прокатты шығару көлемін ұлғайтады. Ал бұл ішкі нарықтың импортқа тәуелділігін азайтып, кәсіпорынның құрылыс сегментіндегі, соның ішінде АЭС құрылысындағы әлеуетін кеңейтеді.

Қазіргі уақытта нысанда негізгі технологиялық жабдықтарды монтаждау және қажетті инфрақұрылымды салу жұмыстары жүргізілуде. Сұрыпты прокат цехын жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Qarmet компаниясының инвестициялық бағдарламасы 3,5 миллиард долларды құрайды. Металлургия комбинатында 4 жаңа жоба, атап айтқанда, №8, 9 кокс батареялары, сұрыпты прокат кешені, мырыштау және полимерлі жабын желісі, құю-илемдеу кешенінің құрылысы іске асырылып жатыр. Компанияның стратегиялық мақсаты – 2028 жылға қарай жылына 5 миллион тонна болат, 9 миллион тонна көмір және 5 миллион тонна темір рудалы концентрат өндіретін деңгейге жету. Бұдан бөлек, өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, экологиялық көрсеткіштерді арттыру және отандық металл өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін күшейту міндеті тұр.



YKIMET


ЖОЛ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ КЕРЕК

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының автомобиль жолдары саласын реформалау жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы бойынша кеңес өткізді.

Жиында Президенттің «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған міндеттер аясында жол құрылысының сапасын арттыру және заманауи автомобиль жолдары желісін қалыптастыру мәселелері қаралды. Премьер-министрге жол жабынындағы жарықтардың пайда болуы, ойықтардың және өзге де ақаулардың негізгі себептері, сондай-ақ өңірлердің климаттық жағдайлары мен нақты көлік жүктемелерін ескере отырып, қолданыстағы нормативтерді жаңарту жөніндегі ұсыныстар баяндалды.

Кеңесте автомобиль жолдарын салу және пайдалану сапасының стандарттарын жетілдіру, жол құрылысына қажетті материалдар дайындау мен қолданудың барлық кезеңінде технологиялық талаптарды сақтау, сондай-ақ жол жабынының сапасы мен ұзақмерзімді беріктігі үшін мердігер ұйымдардың жауапкершілігін күшейту мәселелері талқыланды. Талқылауға Құрылтай депутаттары Замир Сағынов пен Мейрхат Қасымбаев, Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі Бағдат Телтаев және басқалар қатысты. Кеңеске қатысушылар автомобиль жолдарын салу және пайдалану мәдениетін арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Жиында Бас прокурордың бірінші орынбасары Жандос Өміралиев автожол саласындағы тексерулердің алдын ала нәтижелерін жариялады. Бүгінгі таңда анықталған заң бұзушылықтар бойынша 33 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған. Келтірілген залалдың алдын ала мөлшері шамамен 8 млрд теңгеге бағаланады. Тергеу жалғасып жатыр. Бұдан бөлек, негізсіз шарттар мен мемлекеттік сатып алу жоспарларының күшін жою есебінен 36 млрд теңге сомасына шығындар жұмсалмай қалған. Атап айтқанда, бұрын жөнделген жолдарды, оның ішінде мердігерлердің қолданыстағы кепілдік міндеттемелері бар нысандарды жөндеуге жаңа тендерлер жариялау жағдайлары анықталған.



29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚОЗҒАЛДЫ

Орталық сайлау комиссиясы жанындағы Сарапшылық кеңестің кеңейтілген отырысына елордалық Жас сайлаушылар клубының мүшелері қатысты.





2026 жылғы 29 қазанда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында жас және болашақ сайлаушылардың электоралдық мәдениетін арттыру мәселелері бойынша ҚР ОСК жанындағы Сарапшылық кеңестің кеңейтілген отырысы өтті.

Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, ҚР ОСК жанындағы Сарапшылық кеңестің мүшелері, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының Жас сайлаушылар клубтарының өкілдері қатысты.

Отырыс барысында жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтық белсенділікті дамыту және электоралдық ағарту жүйесін жетілдіру мәселелері қаралды.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров осы бағыттағы жұмыстардың жүйелі негізде жүргізіліп жатқанын атап өтіп, 2028 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарының жобасын таныстырды. ОСК мүшесі Ләззат Сүйіндік еліміздегі 248 Жас сайлаушылар клубының қызметі туралы баяндап, одан әрі өзара іс-қимыл перспективаларын атап өтті.

Сарапшылар да бірқатар бастамаларды ұсынды. Атап айтқанда, жастардың электоралдық білім деңгейі мен қызығушылықтарын зерделеу мақсатында социологиялық зерттеулер жүргізу, ОСК сайтында бейнематериалдар мен тесттер қамтылған білім беру бөлімін құру, жастардың білім беру платформасын және электоралдық волонтерлікті дамыту жөнінде ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар сарапшылар электоралдық ағартудың теориялық негіздерін нығайтудың, азаматтық қоғаммен ынтымақтастықты кеңейтудің және заманауи цифрлық форматтарды дамытудың маңыздылығына назар аударды.

Алматы және Астана қалаларының Жас сайлаушылар клубтарының өкілдері де өз тәжірибелерімен бөлісті. Олар клубтардың жастардың электоралдық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы қызметі, сондай-ақ «құрдастан құрдасқа» қағидатын қолдану және жастар диалогын дамыту туралы баяндады.

Кездесу тәжірибе алмасуға, өзекті бастамаларды талқылауға және жас әрі болашақ сайлаушыларды ағартудың жаңа тәсілдерін әзірлеуге арналған маңызды алаңға айналды.

Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы жастардың құқықтық сауаттылығын, азаматтық жауапкершілігін арттыруға және олардың елдің қоғамдық өміріне саналы қатысуын дамытуға бағытталған елордалық Жас сайлаушылар клубының бастамаларын қолдауды жалғастыруда.



БАСТЫСЫ – ТӘРТІП ПЕН ТАЗАЛЫҚ

Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында Шәкен Айманов атындағы №20 орта білім беретін мектепте «АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС» атты оқушылармен кездесу өтті.

– Кездесу барысында «Астана Тазалық» ЖШС қызметкерлерінің күнделікті жұмыстары жөнінде айтып бердік. Мұнда қаланың санитарлық тазалығын қамтамасыз ету жолындағы еңбек адамдарының міндеттері мен еңбек ерекшеліктері туралы әңгіме өрілді. Оқушылар тазалық сақтау мәдениеті, қоршаған ортаны қорғау және әрбір азаматтың қала тазалығына қосатын үлесі туралы ақпарат берілді, – деді «Астана Тазалық» ЖШС-ның директоры Альберт Есалиев.

Еңбек адамдарымен кездесуде оқушылар сауалдар жолдады. Қала тазалығына немқұрайлы қарауға болмайтынын айтқан еңбек адамдары мектеп оқушыларымен ашық әңгіме жүргізді.

– Бүгінгі іс-шара ведомствоаралық іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында және қоғамдық еңбек адамдарының еңбегін құрметтеуге бағытталды. Мектеп оқушылары кездесу кезінде белсенділік танытып, меймандарға сауал жолдады. Сонымен қатар, қала тазалығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, тұрмыстық қалдықтарды дұрыс сұрыптау және тазалық сақтау мәдениеті туралы маңызды мәселелер қозғалады. Біз іс-шараны ұйымдастыру барысында басты тәртіп тазалық екеніне аса мән бердік, – деді Ш.Айманов атындағы № 20 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Дүйсенова.

ЖАСТАРҒА ЖОЛ КӨРСЕТТІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астана қаласының прокуратурасы Құрылыс техникалық колледж студенттерімен «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында профилактикалық кездесу өткізді. Іс-шара жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және олардың құқық бұзушылықтарға тартылуының алдын алуға бағытталды. Кездесуде дропперлік мәселесіне ерекше назар аударылды.

Студенттерге банк карталарын, шоттарға қолжетімділікті және құпия кодтарды өзге адамдарға берудің, сондай-ақ сыйақы үшін күмәнді ақша аударымдарын жасаудың тәуекелдері түсіндірілді. Оңай табыс табуды ұсынатын хабарландырулардың артында алаяқтық схемалар тұруы мүмкін екені айтылды.

Жастарға «курьер» немесе «көмекші» ретінде жұмыс ұсыну арқылы есірткі тасымалдауға және таратуға тарту тәсілдері туралы айтылып, белгісіз заттарды сақтауға және күмәнді тапсырмаларды орындауға келіспеу ұсынылды.

Сонымен қатар қорқытып ақша талап ету, бөтеннің мүлкін иемдену, интернеттегі құдалау мен кемсіту, қауіпті оқиғалар туралы көрінеу жалған хабарлау мәселелері қаралды.

Қатысушыларға жеке деректерді қорғау, күмәнді жұмыс ұсыныстарын ата-аналарымен немесе кураторларымен талқылау және жанжалдарды қауіпсіз жолмен шешу жөнінде ұсынымдар берілді. Қауіп төнгенде немесе заңсыз әрекеттерге тартуға тырысқан жағдайда полицияға және сенім артатын ересек адамға дереу хабарласудың маңызы айтылды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №213 қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды:

1) «Астана қаласындағы Е509 көшесі ауданындағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу

(Көппәтерлі тұрғын үй кешендері:)

Тапсырыс беруші: «SA-Green» ЖШС.

2) «Астана қаласындағы Ә.Бөкейхан, Орынбор және Ақниет көшелері ауданындағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу.

(Көпфункционалды тұрғын үй кешені; Көппәтерлі тұрғын үй кешені; Жалпы білім беретін мектеп).

Тапсырыс беруші: «NUR-AS-2017» ЖШС.

Схемалармен «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ ресми сайтында толық таныса аласыз.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 25 қараша сағат 10:00-де Сарыарқа даңғылы, 13, 2-қабат (мәжіліс залы) мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде b.balgozhin@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ЕКПІН АЛДЫ

Елордада есірткі ресурстарын анықтау және бұғаттау үшін цифрлық технологияларды белсенді қолдану, сондай-ақ жастар арасында жүргізілетін профилактикалық жұмыстарды барынша нысаналы әрі қызықты ету қарастырылды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Бұл мәселелер Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханның төрағалығымен өткен нашақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық штаб отырысында талқыланды.

Есірткі тарату әрекеттері барған сайын интернет кеңістігіне ауысып барады. Заңсыз заттарды сатушылар әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, жабық чаттар мен арнайы боттарды пайдаланып, тыйым салынған заттарды ұсынып қана қоймай, жаңа адамдарды заңсыз бизнеске тартады. Осыған байланысты отырыста осындай контентті анықтауға арналған жасанды интеллект негізіндегі отандық ақпараттық жүйені таныстырылды.

Әзірлеушілер интернет кеңістігін өздігінен мониторинг жүргізіп, есірткі ресурстарын анықтайтын, олардың мазмұнын талдайтын және кейіннен бұғаттауға жолдау үшін тиісті материалдарды қалыптастыратын бағдарламаны таныстырды.

Дәстүрлі тәсілде қызметкерлер күмәнді парақшаларды қолмен іздеп, ақпаратты тексеруге жолдайтын болса, жаңа жүйе деректерді автоматты түрде жинап, құқық бұзушылық белгілерін анықтайды және құқықтық саралауды ұсынады. Ал мамандар ақпаратты тексеріп, ресурстарды бұғаттауға жолдау туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

Әзірлеушілердің айтуынша, бағдарлама ашық жарияланымдарды ғана емес, түрлі қауымдастықтарды, боттарды және жабық интернет алаңдарын да талдай алады. Сонымен қатар жүйе аналитикалық мәліметтерді қалыптастырып, пайдаланушылардың белсенділігін, сұранысқа ие есірткі түрлерін, олардың таралу динамикасын және заңсыз нарықтың өзге де ерекшеліктерін көрсетеді.

Таныстырылым барысында Астана қаласы бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері көрсетілді. Мәселен, бір тәулік ішінде жүйе есірткіге қатысты 79 контентті, бір аптада 421, ал бір айда екі мыңнан астам материалды анықтаған. Бұл – таныстырылым сәтінде әлі бұғатталмаған, анықталған материалдар.

Сонымен қатар нашақорлықтың алдын алуға бөлінетін қаражаттың қаншалықты тиімді жұмсалып жатқаны және қандай іс-шаралар ахуалға нақты әсер ете алатыны бөлек талқыланды.

«Құмар ойындар мониторингі және талдау орталығы» ЖШС, БСН 250140009542, жарғылық капиталын 23 742 275,48 (жиырма үш миллион жеті жүз қырық екі мың екі жүз жетпіс бес теңге қырық сегіз тиын) теңгеге дейін азайтатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 14/3 үй.

№130 (5028) 03/11/2026 Сейсенбі



КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУҒА МҮМКІНДІК КӨП

Астанада жастар үшін кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік мол. Олар қызмет көрсету, білім беру, IT, қоғамдық тамақтану, электрондық сауда және креативті индустриялар салаларында табысты бизнес бастай алады. Әсіресе, цифрлық технологияларға негізделген бағыттардың әлеуеті жоғары. Оның үстіне қазір кәсіп бастау үшін міндетті түрде кеңсе, қымбат жабдық немесе қомақты бастапқы капитал қажет емес. Ноутбук, қажетті білім мен тың идеяның өзі жеткілікті. Бұл тақырыпты тереңірек тарқату үшін Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы, кәсіпкер Александр ПОДВАЛОВПЕН сұхбаттасқан едік.

– Бас қалада жастар арасында бизнестің қандай бағыттары сұранысқа ие?

– Елордада IT, ЖИ, онлайн-сауда, білім беру, маркетинг және креативті экономика бағыттары сұраныста. Әсіресе жасанды интеллектіні қолдануға деген қызығушылық артып келеді. Жас кәсіпкерлер AI-ассистенттер әзірлеу, компаниялардың жұмыс процесін автоматтандыру, цифрлық сервистер құру және деректерді талдау салаларында өз жобаларын жүзеге асыра алады. Сонымен қатар дәстүрлі кәсіпкерлік бағыттарын назардан тыс қалдырмау қажет. Қызмет көрсету, жеткізу, жөндеу, жылжымайтын мүлік нысандарына қызмет көрсету және қоғамдық тамақтану салаларында да көптеген мүмкіндік бар.

– Бастапқы капиталы жоқ жастар кәсіпті неден бастауы керек?

– Менің кеңесім – алдымен ақша іздеуден емес, тұтынушы іздеуден бастау. Бүгінде көптеген кәсіп түрін бастапқы инвестициясыз немесе аз қаражатпен іске қосуға болады. Мысалы, сайт әзірлеу, дизайн, маркетинг, бағдарламалау, репетиторлық және басқа да цифрлық қызметтерді ұсынуға мүмкіндік бар. Ең алдымен, бизнес-идеяны тәжірибе жүзінде тексеру қажет. Алғашқы клиенттерді тауып, олардың пікірін тыңдап, ұсынылған өнім немесе қызмет үшін ақша төлеуге дайын тұтынушылардың бар екеніне көз жеткізу керек. Бірден несие алып, кеңсе жалдаудың немесе қымбат жабдық сатып алудың қажеті жоқ. Алдымен клиент нақты пайда әкеліп, содан кейін ғана бизнесті кеңейтуге ұмтылған жөн.

– Жастар бизнесті бастау үшін гранттар мен жеңілдетілген несиелерді қалай алады?

– Ең алдымен, қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларды және оларға қатысу талаптарын мұқият зерделеу қажет. Мәселен, 2026 жылы азаматтардың белгілі бір әлеуметтік осал санаттарына жататын тұлғаларға 400 АЕК-ке дейін, яғни 1730000 теңге көлемінде мемлекеттік гранттар қарастырылған. Өтінімдер белгіленген кезеңдерде business.enbek.kz порталы арқылы қабылданады. Бұл грант барлық жас азаматқа бірдей қолжетімді әмбебап бағдарлама емес. Сонымен қатар «Даму» қоры тиісті талаптарға сәйкес келетін жобалар үшін жылдық 12,6% мөлшерлемемен жеңілдетілген несие беруді көздейтін «Өрлеу» бағдарламасын жүзеге асырады. Қаржыландыруға өтінім бермес бұрын бизнес-жоспар әзірлеп, қаржы моделін есептеп, жобаның табысын бағалауды ұсынамын. Несие жай ғана ақша алу мүмкіндігі емес, ол белгілі бір мерзімде орындалуға тиіс қаржылай міндеттеме екенін ұмытпаған жөн.

– Кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін, бірақ тәжірибесі жоқ жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Мен үш негізгі кеңес берер едім. Біріншіден, бастауға қорықпаңыз. Кәсіпкерлік тәжірибені тек кітап оқу немесе дәріс тыңдау арқылы қалыптастыру мүмкін емес. Ол нақты іс барысында жинақталады. Екіншіден, сатуды үйреніңіз. Сапалы өнім жасау маңызды, бірақ клиент таба алмасаңыз, бизнес дами алмайды. Үшіншіден, білімі мен тәжірибесі мол адамдармен араласыңыз, олардан үйреніңіз. Кәсіпкер әрі университет оқытушысы ретінде студенттерге жиі айтатыным: мінсіз сәтті күтпеңіз. Шағын жобадан бастаңыз, алғашқы табысыңызды табуға тырысыңыз және біртіндеп дамыңыз.

– Жастар бизнес ашуда қандай қателіктерді жиі жібереді?

– Жиі кездесетін қателік – нарықты және клиенттердің қажеттіліктерін зерттемей тұрып бизнес бастау. Сондай-ақ қаржыны дұрыс жоспарламау, табысқа қатысты шектен тыс оптимистік болжамдар жасау, бастапқы шығындарды негізсіз көбейту және сату стратегиясының болмауы кәсіптің дамуына кедергі келтіреді. Кейбір кәсіпкерлер атау, логотип және сыртқы безендіруге көп көңіл бөліп, өнімнің сапасы мен бизнестің экономикалық тиімділігін екінші орынға ысырады. Шын мәнінде, бизнес компанияны тіркеуден емес, өнім немесе қызмет үшін ақша төлеуге дайын клиенттен басталады.



– Астанада шағын бизнестің қандай түрлері кең таралған?

– Елордада сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету, құрылыс, көлік, логистика, білім беру және түрлі сервис компаниялары кеңінен таралған. Астананың ерекшелігі – қалалық инфрақұрылымның белсенді дамуы және сапалы қызметтерге деген сұраныстың артуы. Бұл кәсіпкерлер үшін жаңа нарықтар мен мүмкіндіктер қалыптастырады. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Астанада шағын және орта кәсіпкерліктің шамамен 246 мың субъектісі жұмыс істейді. Бұл елордадағы кәсіпкерлік секторының ауқымды екенін көрсетеді.

– Шағын бизнестің дамуына қандай кедергілер әсер етеді?

– Көбіне қаржыландыруға қол жеткізу, жалдау ақысының қымбаттығы, әкімшілік рәсімдер, білікті кадрлардың тапшылығы және кәсіпкерлік нысандарды инженерлік инфрақұрылымға қосу мәселелері бар. Әсіресе техникалық шарттарды алу, электр энергиясына, сумен жабдықтау және жылумен қамтамасыз ету желілеріне қосылу мәселелері өзекті. Біздің ұстаным айқын: кәсіпкер уақытын әкімшілік кедергілерді еңсеруге емес, бизнесті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және салық төлеуге жұмсауы керек.

– Кәсіпкерлер палатасына көбінесе қандай мәселелер бойынша жүгінеді?

– Кәсіпкерлер палатаға түрлі мәселе бойынша өтініш білдіреді. Олардың ішінде кәсіпкерлердің құқығын қорғау, мемлекеттік сатып алу, салық салу, әкімшілік кедергілер, жер қатынастары және инфрақұрылымға қол жеткізу мәселелері жиі кездеседі. Өтініштер статистикасына сүйенсек, олардың 26-сы мемлекеттік сатып алуға, 16-сы мемлекеттік бақылау мен әкімшілік шараларға, тағы 14-і салық салу мәселелеріне қатысты болған. Бұдан бөлек, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары бойынша да өтініштер түскен. Сонымен бірге өтініштердің едәуір бөлігі – 159 өтініш немесе 60%-дан астамы – басқа да әртүрлі мәселеге тиесілі. Бұл бизнестің күнделікті қызмет барысында кездесетін проблемаларының ауқымды екенін көрсетеді.

ЕЛОРДАДА САУДА, ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ, ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, ҚҰРЫЛЫС, КӨЛІК, ЛОГИСТИКА, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТҮРЛІ СЕРВИС КОМПАНИЯЛАРЫ КЕҢІНЕН ТАРАЛҒАН. АСТАНАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ – ҚАЛАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ БЕЛСЕНДІ ДАМУЫ ЖӘНЕ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ АРТУЫ. БҰЛ КӘСІПКЕРЛЕР ҮШІН ЖАҢА НАРЫҚТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



– Шағын және орта бизнестің қала экономикасын дамытудағы және жаңа жұмыс орындарын құрудағы рөлі қандай?

– Шағын және орта бизнес – Астана экономикасының негізгі қозғаушы күшінің бірі. Ресми деректерге сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елордадағы шағын және орта кәсіпкерлік секторында 558 мыңнан астам адам еңбек еткен. Ал 2025 жылы осы секторда өндірілген тауарлар, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі шамамен 21 трлн теңгені құрады. Негізгі көрсеткіштер: Астанадағы ШОБ секторында жұмыспен қамтылғандар саны – 558,5 мың адам. ШОБ субъектілерінің 2025 жылғы өнім шығару көлемі – 21 трлн теңге. Алайда кәсіпкерліктің маңызын тек статистика көрсеткішімен өлшеуге болмайды. Кәсіпкерлік жаңа жұмыс орындарын ашады, бәсекені дамытады, қаланың әртүрлі ауданының өркендеуіне ықпал етеді, қызмет сапасын арттырады және орта таптың қалыптасуына негіз болады. Қалада табысты кәсіпкерлер неғұрлым көп болса, оның экономикасы да соғұрлым тұрақты.

– Оқумен қатар, студенттер қандай кәсіппен айналыса алады?

– Студенттерге үлкен бастапқы инвестицияны қажет етпейтін әрі оқумен қатар алып жүруге болатын бағыттарды таңдауды ұсынамын. Мысалы, сайт әзірлеу, контент жасау, әлеуметтік желілерді жүргізу (SMM), репетиторлық, дизайн, бейнемонтаж, онлайн-сауда және шағын компанияларға AI-құралдарын енгізу сияқты қызметтермен айналысуға болады. Университетте студенттерге практикалық тапсырмалар жиі беремін: белгілі бір бастапқы капиталыңыз бар деп елестетіп, өз бизнес-жобаңызды әзірлеңіз. Бірақ бұдан да қызықты тапсырма бар: ақшаңыз жоқ, алайда біліміңіз, уақытыңыз және еңбек етуге деген ынтаңыз бар. Осындай жағдайда қандай кәсіп бастай аласыз? Мұндай тапсырмалар кәсіпкерлік ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі.

– Алдағы жылдары бас қалада кәсіпкерліктің қандай бағыттары дамиды деп ойлайсыз?

– Бес бағыттың әлеуетін жоғары бағалаймын: ЖИ, IT, киберқауіпсіздік, қалалық сервистер мен Smart City шешімдері, білім беру технологиялары, сондай-ақ экология және энергия тиімділігін арттыруға арналған жобалар. Сонымен қатар құрылыс, көлік, өнеркәсіп, логистика және коммуналдық шаруашылық сияқты дәстүрлі салаларды цифрландыруға ерекше назар аудару қажет. Технологиялық компанияны дамыту тәжірибесіне сүйене отырып, қазақстандық кәсіпкерлердің ішкі нарықпен шектелмей, халықаралық нарыққа да бәсекеге қабілетті цифрлық өнімдер шығара алатынын айта аламын. Астананың болашағы – жай ғана кезекті кәсіп ашатын емес, жаңа технологиялар мен өнімдер жасап, жұмыс орындарын құратын кәсіпкерлердің қолында.

Сұхбаттасқан Райхан РАХМЕТОВА

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №213 қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды:

1) «Астана қаласындағы Хусейн бен Талал көшесі, Тұран даңғылы және Қабанбай батыр даңғылының қиылысы ауданындағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (қонақүй кешені, бизнес-орталықтар, медициналық орталықтар, стационар, көпфункционалды кешен, сән үйі, ТҚ).

Тапсырыс беруші: «Назарбаев Университеті» ДББҰ.

2) «Астана қаласындағы Ұлы дала даңғылы мен Ш.Айтматов көшесінің қиылысы ауданындағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (көппәтерлі тұрғын үй кешендері).

Тапсырыс беруші: «NGL» ЖШС.

3) «Ұлы дала даңғылы мен Ш.Айтматов көшесі ауданындағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (көппәтерлі тұрғын үй кешендері, балабақша, ТҚ).

Тапсырыс беруші: «Orken Kala Construction» ЖШС.

4) «Астана қаласындағы Қорғалжын тас-жолынан солтүстікке қарай, Есіл өзенінен оңтүстікке қарай орналасқан аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (автотұрағы бар көппәтерлі тұрғын үй кешендері, парк, мектептер, балабақшалар, СОО, емхана).

Тапсырыс беруші: «Opus Build» ЖШС.

Схемалармен «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ ресми сайтында толық таныса аласыз.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 23 қараша сағат 10:00-де Сарыарқа даңғылы, 13, 2-қабат (мәжіліс залы) мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде zh.kadyrov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.



Кендебай АДАМБЕК,
Құрылтай депутаты,
қаржы және бюджет комитетінің мүшесі:

ТИІМСІЗ ШЫҒЫНДАРҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

– Ел Президентінің биылғы Жолдауынан көп дүниені көңілге түюге болады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, Үкімет ең төменгі жалақыны кезең-кезеңмен тұрақты арттыруды жалғастырады.

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы (АЕК) 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін, яғни 25 мың теңгеге немесе 30%-ға ұлғаяды. Бұл 1,8 млн-ға жуық азаматтың, оның ішінде 370 мыңнан астам бюджеттік сала қызметкерлерінің табысын ұлғайтады. Ең төменгі жалақыны арттыру, ең алдымен, еңбекақы деңгейі төмен азаматтардан басталады.

Атап кеткен жөн, АЕК арттырудың экономикалық маңызы анағұрлым кең. Ең төменгі еңбекақының өсуі халық табысының және ішкі тұтынушылық сұраныстың ұлғаюына ықпал етеді. Бір мезгілде жұмыс берушілер үшін еңбекақы төлеу шығыстары артады, бұл бизнестің өнімділігі мен тиімділігін арттыруды талап етеді. Бұл ретте жалақыны ұлғайтудың нақты әсері инфляция деңгейіне тікелей байланысты. Егер бағаның өсуі табыстың өсуінен озып кетсе, халықтың сатып алу қабілеті айтарлықтай өзгермейді. Осыған байланысты Жолдауда инфляцияны жүйелі түрде төмендету экономикалық саясаттың негізгі міндеттерінің бірі ретінде айқындалған.

Сонымен қатар Президент 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап тексерулерге бұған дейін енгізілген мораторийдің нәтижесін ескере отырып, жаңа үш жылдық мораторий енгізу мәселесін талқылауды ұсынды.

Кейінгі жылдары мемлекеттік бақылаудың либерализациялануына қарамастан, бизнес әлі де айыппұлдарға, жоспардан тыс тексерулерге және камералдық бақылауға, соның ішінде шоттардың бұғатталуына тап болуда. Мәселен, тек бірінші жартыжылдықта жеке кәсіпкерлер тарапынан жіберілген бұзушылықтар саны 34%-ға азайғанымен, салынған айыппұлдардың сомасы шамамен 11%-ға өскен, ал жоспардан тыс тексерулер саны ондаған есе артқан.

Жаңа мораторийді тек тексерулерді уақытша шектеу ретінде емес, бүкіл бақылау-қадағалау жүйесін қайта жаңғыртуға мүмкіндік беретін стратегиялық үзіліс ретінде пайдалану ұсынылады. Осы кезеңде бизнесті реттеудің цифрлық моделіне көшу көзделеді, бюджет саласында орынсыз, тиімсіз шығындардың алдын алу үшін жасанды интеллект технологиясының мүмкіндіктерін пайдалану ұсынылады. Мемлекеттік қазына жүйесін толыққанды цифрландыру жұмысын аяқтап, бюджет ағындарын басқарудың бірыңғай әдіснамасын қалыптастыру қажет.

Салық саласында жаппай цифрландыру арқылы салық салудың ашықтығын қамтамасыз ету міндеті қойылды. Салық түсімін арттыру, көлеңкелі экономиканы қысқарту және жемқорлық сын-қатерлерін азайту үшін озық технологияларды – жасанды интеллектіні пайдалану қажет. Бақылау-қадағалау саласында қолданыстағы жүйені толық қайта жүктеп, реттеудің цифрлық моделіне көшу көзделген.

Абай ҚҰРМАНҚҰЛОВ,
Астана қаласы әкімдігінің Техникалық колледжі директоры:

ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢНІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ



– Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауы ел дамуының алдағы бағыттарын айқындап, қоғам мен мемлекеттік институттардың алдына жаңа міндеттер қойды. Қазіргі құбылмалы жағдайда экономикалық өсімді қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру, цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мәселелері өзара сабақтастықта қарастырылуы қажет.

Жолдауда көтерілген міндеттерге білім беру саласының өкілі ретінде назар аударғанда, ең алдымен, адам капиталының маңызына тоқталғым келеді. Өйткені кез келген экономикалық өзгерістің нәтижесі оны жүзеге асыратын адамның біліміне, кәсіби даярлығына, жауапкершілігі мен еңбек мәдениетіне байланысты. Елдің бәсекеге қабілеті де жаңа технологияларды меңгерген, өзгерістерге бейімделе алатын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мамандардың қалыптасуымен тығыз байланысты.

Бүгінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің алдында тұрған міндет – жастарға мамандық үйретумен ғана шектелмей, оларды нақты еңбек ортасына даярлау. Еңбек нарығының сұранысы өзгеріп келеді. Өндіріс пен қызмет көрсету салаларына технологиялық жаңалықтарды меңгерген, кәсіби дағдысы қалыптасқан, әріптестерімен тығыз жұмыс істей алатын мамандар қажет. Сондықтан колледждердегі оқу бағдарламалары заман талабына сай жаңарып, теориялық білім тәжірибемен ұштасуы керек. Бұл ретте жұмыс берушілермен әріптестіктің маңызы зор. Студент оқу кезінде өндірістік тәжірибеден өтіп, болашақ кәсібінің қыр-сырын меңгергенде ғана алған білімін нақты жағдайда қолдануға үйренеді. Колледж бен кәсіпорын арасындағы байланыс маман даярлау сапасын арттырып қана қоймай, жас маманның еңбек жолын сенімді бастауына мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды бағыт – цифрландыру мен жасанды интеллект мүмкіндігін тиімді пайдалану. Цифрлық технологиялар білім беру үдерісіне жаңа құралдар енгізіп, ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін өзгертуде. Алайда технологияны меңгеру оның мүмкіндігін жауапкершілікпен пайдаланумен қатар жүруі тиіс. Жастардың цифрлық сауатын арттырумен бірге сыни ойлауын, дербес шешім қабылдау қабілетін, академиялық адалдығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға көңіл бөлу қажет.

Техникалық колледждің жұмысы да осы ортақ мақсатпен сабақтасады. Біздің міндетіміз – заман талабына сай білім мен дағдыны меңгерген, кәсібін құрметтейтін, жауапкершілігі жоғары жас мамандар даярлау. Өйткені елдің ертеңі бүгінгі білім сапасына, жастарға жасалған мүмкіндікке және әр азаматтың өз ісіне деген адалдығына байланысты.

Жаңа тарихи кезеңнің талаптары білім беру саласынан да жүйелі жұмыс пен үздіксіз жаңаруды қажет етеді. Бұл – бір ғана мекеменің емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті. Ал осы міндетті жүзеге асырудың негізі – сапалы білім, кәсіби еңбек және жастардың жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау.

29 қараша МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АҚПАРАТ
АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ

